аптаылық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 38/578

21 сентября 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

*Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!*

## «АДАЛ ЖОЛ-ЧЕСТНЫЙ ПУТЬ» АТТЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАРАФОН

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп және қоғамдық бәсекелестік қайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отыр-ған





кеселдін бірі. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Оның айқын дәлелінің бірі **«Адал жол - Честный путь»** атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық марафоны. Осы маңызды іс шараны, біз Приозерск қаласының тұрғындары аса үлкен жауапкершілікпен қарсы алдық.



Ағымдағы жылдың 14 қыркүйегі күні «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында Республикалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал жол - Честный путь» марафонының туы мен кітабын Шет ауданына тапсыру рәсіміне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді. «Адал жол» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық марафон қыркүйек айының 1-нен 14 аралығында Приозерск қаласында да жалғасын тапты. Шараның мақсаты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактика жұмыстарын күшейту, жас ұрпақ пен барша қоғамды осы дерттен аулақ жүруге шақыру болып табылады. Шара аясында біздің қаламызда өткен кезеңінің қорытындысы бойынша белсенді қатысқан азаматтар мен ұжымдар марапатталды. Кеш сонында Марафонның туы мен кітабы салтанатты түрде Шет ауданына тапсырылды. Салтанатты жиын қаламыз-дың жергілікті өнерпаздарының орындауындағы әсем ән-бимен жалғасын тапты.

Сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттін алдын алып, қоғамға тарату жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу үшін қауым болып атсалысы, қарсы күресуге шақырамыз.

**Жастардың Ресурстық орталығы**

*Коррупции –нет!*

## АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ МАРАФОН «АДАЛ ЖОЛ – ЧЕСТНЫЙ ПУТЬ»



В рамках реализации государственной политики по борьбе с коррупцией, инициированной президентом Республики Казахстан Н.А.Назарбаевым, в Карагандинской области стартовал областной Антикоррупционный марафон **«Адал жол – Честный путь»**, который проводится подразделениями во всех районах и городах области.

Марафон, согласно графика, проводится в городах и районах области по принципу «эстафеты», в период с марта по декабрь 2018 года.



Целью Антикоррупционного марафона является формирование антикоррупционной культуры, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлением коррупции.

В рамках проведения областного антикоррупционного марафона «Адал жол – Честный путь» в городе Приозерск в период с 29 августа по 14 сентября текущего года проведено больше 10 мероприятий на антикоррупционную тематику, таких как: семинары-разъяснения с предпринимателями города, спортивный фестиваль, выставка городской библиотеки, встреча с безработными города, мероприятия в войсковых частях, КВН среди школ города и другие.

14 сентября флаг и книга «Адал жол – Честный путь» в торжественной церемонии были переданы представителям Шетского района.





**А. Рақыш,**
***статистик государственно-правового отдела аппарата акима города Приозерск***

*Ғасыр дертімен күрес*

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ЖАСТАРДІҢ РӨЛІ





Ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес және ондағы жастардің ролі» тақырыбында форум өтті. Форум барысында «Қарағанды облысының жастар одағы» ҚБ төрайымы М.Күсенбаева құттықтау сөзін сөйлеп, ішкі істер бөлімінің өкілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына тоқталып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп өтті.

Сонымен қатар Приозерск қаласының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бас-шысы Ұ.Алмас. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес және ондағы жастардың рөлі» атты тақырыпта баяндама жасады. Форумның сонында сыбайлас жемқорлықтың аолдын алуға бағытталған эссе және сурет салу бай-қауында жүлделі орын алғандарды диплом және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

**Жастардың ресурстық орталығы**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелермен сыйыспайтыны анық. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте жүйелі жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің биік көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың тамыры теренде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, оның ішінде олардың басшылары және лауазымды адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жатады және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз етуге міндетті. Яғни барлық мекемелер, қызметкерлер, лауазымды тұлғалар емесбарлығымыз жұмыла ат салысуымыз арқылы жемқорлықтың алдын алуға қарсы тұрамыз.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заңбұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға да тартылады. Оларға біздің қоғамда да, арамызда да орын жоқ екенін түсінгені абзал.

**Б.Нұрмағанбетова,**
***Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салықтық бақылау бөлімінің басшысы***

*Исполнение государственных программ*

# РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ ПРОДУКТИВНОЙ ЗАНЯТОСТИ И МАССОВОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА 2017 – 2021 ГОДЫ «ЕҢБЕК»

Во исполнение Послания Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» разработана Программа «Дорожная карта занятости 2020», которая утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 марта 2015 года № 162.

В настоящее время данная программа нашла свое логическое продолжение в Программе развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек». (утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2016 года № 919.)

Участниками Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» являются граждане Республики Казахстан и оралманы – безработные, малообеспеченные, самостоятельно занятые и иные категории граждан, приоритетное участие которых установлено Программой.

Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» реализуется по трем направлениям:

**Первое направление** обеспечение участников Программы техническим и профессиональным образованием и краткосрочным профессиональным обучением.

В 2018 году с апреля месяца направлены (электрик, бухгалтерия, швея, повар) на 3-х месячные краткосрочные курсы 54 человек. Из областного бюджета выделено 13 502,0 тыс.тенге, в апреле т.г. освоено 6 142,8 тыс.тенге, из них стипендия 2 715,0 тыс.тенге. На сегодняшний день 54 участника Программы завершили обучение, и были трудоустроены 26 человек.

**Второе направление** развитие массового предпринимательства.

В рамках Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» микрокредиты предоставляются до 8 тысяч МРП (18 млн.тенге) со сроком до 7 лет с конечной ставкой вознаграждения не более 6 %.

По программе в 2018 году выделено 45 млн. тенге на открытие/расширение собственного бизнеса.

Центром занятости населения акимата города Приозерск проведены целевые консультации с начинающими предпринимателями и 11 апреля 2018 года организован семинар-совещание.

Участникам, изъявшим желание на получение микрокредита, были предоставлены перечень документов для получения микрокредита.

Центром занятости населения сформирован список заявителей на получение кредита 34 человек, из них документы 17 участника программы направлены в КФ АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства». 11 участника программы получили микрокредит в сумме 37 000 тыс.тенге.

**Третье направление** Развитие рынка труда через содействие занятости населения и мобильность трудовых ресурсов.

**Третье направление состоит из следующих компонентов:**

I)содействие в обеспечении занятости безработных и самозанятых;

II)повышение мобильности трудовых ресурсов;

III)создание единой цифровой площадки по трудоустройству;

В 2018 году предусмотрено частичное субсидирование государством заработной платы 35 участникам Программы, планируется на социальные рабочие места, сроком на 12 месяцев. Субсидии работодателем составляют 35 % от им же установленного размера зарплаты, но не более минимальной заработной платы (28 284 тенге).

На организацию 6-ти месячной молодежной практики выделено 7546,0 тыс. тенге на 24 человека. Для получения первоначального опыта работы, с апреля месяца 2018 года, размер субсидий на одного участника в месяц составляет 25 МРП (60 125 тенге).

На общественные работы из местного бюджета выделено 29 024,0 тыс тенге. Ежемесячная заработная плата на каждого безработного составляет 42 426 тенге (организации) 56 568 тенге (УЖКР) в месяц.

**III)создание единой цифровой площадки по трудоустройству;**

Вся информация о соискателях и вакансиях со всех ЦЗН, а также частных агентств занятости и интернет-площадок консолидирована в Единой электронной бирже труда на базе сайта **Enbek.kz.** Таким образом, для соискателей и работодателей формировался крупнейшая база резюме и вакансий. Взаимодействие между ЦЗН и электронной биржей труда обеспечено в онлайн режиме с охватом всех категорий населения города.

Все эти меры позволят обеспечить больший охват работодателей и граждан и, соответственно, трудоустройство граждан, в том числе высвобождающихся кадров и непродуктивно самозанятых лиц.

ЭЛЕКТРОННАЯ БИРЖА ТРУДА – это цифровая площадка по размещению вакансий и трудоустройству граждан.

**УВАЖАЕМЫЙ РАБОТОДАТЕЛЬ!**

Центр занятости населения предлагает вам воспользоваться ЭЛЕКТРОННОЙ БИРЖЕЙ ТРУДА WWW.ENBEK.KZ для размещения вакансий и поиска сотрудников.

Для получения дополнительной информации об ЭЛЕКТРОННОЙ БИРЖЕ ТРУДА вы можете:

-обратиться к специалистам Центра занятости населения;

-воспользоваться разделом «Помощь» на ЭЛЕКТРОННОЙ БИРЖЕ ТРУДА (www.enbek.kz).

Поиск сотрудников на ЭЛЕКТРОННОЙ БИРЖЕ ТРУДА – это удобно, быстро и бесплатно!

**Специалисты нашего Центра будут рады проконсультировать и оказать помощь по вопросам трудоустройства и обучения и ждут Вас по адресу: ул.Балхашская 5, кабинет 113; тел.: 5-23-17, 5-27-88.**

**Центр занятости населения**

*Итоги аудита*

# РЕАЛИЗАЦИЯ БЮДЖЕТНЫХ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Департаментом внутреннего государственного аудита по Карагандинской области на основании поручения Комитета внутреннего государственного аудита Министерства Финансов Республики Казахстан проведены аудиторские мероприятия по использованию средств, выделенных на реализацию бюджетных инвестиционных проектов (далее БИП), где установлено, что в Карагандинской области в 2018 году проводится реализация 62-х БИПов, из них по 6-ти проектам на общую сумму 5 030 404,8 тыс.тенге по состоянию на 01.06.2018г. допущено несвоевременное освоение бюджетных средств на сумму **724 941,8 тыс.тенге**, в том числе по проектам:

-«Строительство школы на 600 мест в г. Темиртау» на сумму 120 000,0 тыс.тенге;

-«Строительство 4-этажного 36-квартирного жилого дома в г.Жезказган, квартал 66, ул.Сатпаева, 70Б» на сумму 6 566,8 тыс. тенге;

-«Строительство крупнопанельного 5-ти этажного 6-ти подъездного малогабаритного жилого дома блок секция 3-1-1-2 в г.Сарань, микрорайон 1а возле дома №13» на сумму 11 610,0 тыс.тенге;

-«Строительство магистральной теплосети к застраиваемым жилым микрорайонам 6 и 8 в г. Сатпаев» на сумму 104 358,0 тыс.тенге;

-«Строительство подводящих и внутриквартальных инженерных сетей к 107-ми жилым домам в микрорайоне №8 в г. Сатпаев» на сумму 410 000,0 тыс.тенге;

-«Строительство двух общежитий в микрорайоне №7 в г. Сатпаев» на сумму 72 407 тыс.тенге, которые были охвачены аудитом.

Несвоевременное освоение бюджетных средств допущено вследствие отставания от графика производства работ и не соответствия распределения видов работ согласно графика к предусмотренному ежемесячному объему принятых обязательств по плану финансирования.

В **ГУ «Отдел строительства г. Сарани»** по проекту «Строительство крупнопанельного 5-ти этажного 6-ти подъездного малогабаритного жилого дома блок секция 3-1-1-2 в г.Сарань, микрорайон 1а возле дома №13» договор заключен с ТОО «ККК ЛТД» от 03.02.2018 года № 24 на сумму 633 970,0 тыс.тенге. При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018 года в сумме 39 366,0 тыс.тенге, оплаченные обязательства составили 27 756,0 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **11 610,0 тыс.тенге**. Согласно Протоколу технического совещания от 15.04.2018г. б/н в ходе строительства уменьшены объемы земляных работ, которые заменены на другие виды работ и сумма экономии частична отнесена по плану финансирования на последующие месяца, а часть осталась, что привело к неосвоению.

По итогам аудита рекомендовано подать бюджетную заявку на увеличение трансфертов на 2018 год с 91 195,883 тыс. тенге, до 200 000,0 тыс.тенге, в целях строительства здания блок-секции в текущем году без отделки. Данные мероприятия позволят создать задел на март 2019 года и вести монтаж инженерных сетей и отделочные работы, не ожидая открытия финансирования по республиканскому бюджету.

В **ГУ «Отдел строительства г. Сатпаев»** по проекту «Строительство двух общежитий в микрорайоне №7 г. Сатпаев» заключен договор от 05.04.2018г. №21 с подрядчиком ТОО «Astana Unity Group» на сумму 909 371,7 тыс.тенге. При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018г. в сумме 300 000,0 тыс.тенге, фактическое исполнение по платежам – 227 593,6 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **72 406,4 тыс.тенге** в связи с судебными разбирательствами по необоснованному заключению договора по итогам конкурса и его расторжения и, соответственно, отставание от графика производства работ.

Для подтверждения фактического выполнения объемов работ по объекту проведен контрольный обмер, которым установлено завышение стоимости выполненных строительно-монтажных работ на сумму **111 285,7 тыс.тенге**.

Материалы аудита для принятия процессуального решения направлены в ДГД по Карагандинской области по факту завышения СМР, также Департаментом подан иск в суд на расторжение договора с ТОО «Astana Unity Group».

-по проекту «Строительство магистральной теплосети к застраиваемым жилым микрорайонам 6 и 8 в г. Сатпаев» заключен договор от 14.09.2018г. №112 с подрядчиком ТОО «СТРОЙ ММС» на сумму 638 287,9 тыс.тенге. При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018г. в сумме 120 000,0 тыс.тенге, фактическое исполнение по платежам – 15 642,0 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **104 358,0 тыс.тенге** по причине отставания от графика производства работ.

-по проекту «Строительство подводящих и внутриквартальных инженерных сетей к 107-ми жилым домам в микрорайоне №8 г. Сатпаев» заключен договор 24.10.2017г. №122 с подрядчиком ИП «Құрылыс» на сумму 1 517 752,0 тыс.тенге.

При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018г. в сумме 600 000,0 тыс.тенге, фактическое исполнение по платежам – 190 000,0 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **410 000,0 тыс.тенге**, которое сложилось по причине отставания от графика производства работ.

*В* **ГУ «Отдел строительства г. Жезказгана»** по проекту «Строительство 4-этажного 36-квартирного жилого дома в г.Жезказган, квартал 66, ул.Сатпаева, 70Б» заключен договор №99-17 от 15.12.2017г. с ТОО «Астра Сервис Плюс» на общую сумму 301 420,9 тыс.тенге, где предусмотрено на 2017г.-50,0 тыс.тенге и на 2018г.-301 370,9 тыс.тенге. При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018г. в сумме 20 000,0 тыс.тенге, оплаченные обязательства составили в сумме 13 433,3 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **6 566,8 тыс.тенге**. Причиной неосвоения бюджетных средств явилось не соответствие распределения видов работ согласно графика к предусмотренному ежемесячному объему принятых обязательств по плану финансирования на май 2018г.

*В* **ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог, строительства и жилищной инспекции города Темиртау»** по проекту «Строительство школы на 600 мест в г.Темиртау» заключен договор №130 от 25.12.2017г. с ПК «АСПАП» на общую сумму 1 137 049,0 тыс.тенге, из них на 2017 год - 299 999,0 тыс.тенге и на 2018 год -837 050,0 тыс.тенге. При плане финансирования по платежам по состоянию на 01.06.2018г. в сумме 189 992,0 тыс.тенге, оплаченные обязательства составили в сумме 69 992,0 тыс.тенге, неосвоение составило в сумме **120 000,0 тыс.тенге**.

Причиной неосвоения бюджетных средств явилось рассмотрение вопроса об увеличении сметной стоимости БИП и корректировки проектно-сметной документации.

**ОВПКРиЯ**
**города Приозерск**

# ЗАМАНУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖЫЛДАМ ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН МЕГАПОЛИСТІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ТИІМДІ ШЕШУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Достық» балалар және жасөспірімдер шы-ғармашылық орталығында «Заманауи технологиялар жылдам өсіп келе жатқан мегаполистің проблемаларын тиімді шешуге жол ашады» тақырыбында қалалық ҮЕҰ қатысуымен семинар өткізілді. Іс –шара барысында қатысушылар заманауи технологиялардың оң жағы мен кері әсер ететін қырлары туралы ақпаратпен бөлісті. Көпшілігі қолдау білдіріп позитивті көз-қараста болды. Себебі, қай салада болмасын заманауи технологияларды пайдалану — заман талабы. Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры.




**Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі**

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚЫМБАТТАЙ МА?

*Көкейкесті мәселе*

Адамдардың құлағына және ел ішіне жағымсыз әңгімелердің аса жылдамдықпен таралып, оның неше түрлі құбылып жететіні қайран қалдырады. Алайда қазақтың «өсек тез қаулап, тез өшетін жалын секілді» деген мәтелі осыған саятындай. Соңғы кездері АҚШ ақшасының жедел қымбаттап, өсуі қарапайым халықты дел-сал күйге салып, «ендігі жерде ең қажетті тұтыну тауарлары мен азық-түлік те қымбаттайтын болады» деген алыпқашпа сөздер де өріп жүргені рас. Бұрынғы кезге қарап жасал-



ған болжамның шынға айналуы да ғажап емес. Дегенмен, бәріне уақыт төреші және бұл мәселеге жоғарғы жақтағылар да бейжай қарап отыра бермейтін шығар... Біздің бүгінгі қаузамақ болған мәселеміз де осы төңіректе болмақ. Атап айтқанда біраз уақыттан бері «қалада коммуналдық қызмет көрсету төлемдерінің тарифі өседі екен...» деген алыпқашпа әңгі-менің айналасында зерттеу жүргізіп, мәселенің анық-қанығына көз жеткізбекшіміз.

Өткен бейсенбі, яғни 13-қыркүйек күні қаламызға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қарағанды облысы бойынша Департаментінің басшысы Арман Тұрсынұлы Утегенов келіп, қаланың тіршілік-тынысымен және қаладағы коммуналдық қызмет көрсету нысандарының қызмет аясымен, олардағы атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы қысқа дайындықтың барысымен танысты. Маңызды және құрметті қонақтың қасында қала әкімінің бірінші орынбасары Дастан Шұғайұлы Сәденов, «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Темірхан Айдарханов, Приозерск қаласы тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы директорының м.у.а. Сергей Васильевич Курец, осы мекеме директорының орынбасарлары Данияр Талғатұлы Томашев пен Айбын Төлеуұлы Ариновтармен біргелікте баспасөз қызметінің өкілі ретінде біз де бірге жүріп, қаланың ең маңызды нысандары саналатын - № 1 жылу қазандығында, тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған су қамалында, шығынды суларды сыртқа айдайтын станцияда және болашақта іске қосылатын шығынды суды тазартып беретін станцияда болып қайттық. Ондағы басты мақсатымыз да коммуналдық қызмет ақысының өсуіне қандай негіз бар екеніне олармен бірге жүріп көз жеткізу болатын.

А.Т.Утегеновтің бізбен бірге алғашқы ат басын бұрған нысаны № 1 қазандық болды. Мұнда қысқа дайындық жұмыстарының соңғы тірліктері қызу жүріп жатты. Күздің басталуының салқындатып келуі мұндағы жұмыстың жеделдетілуіне түрткі болғандай. Әрбір жұмысшы-қызметкер өз жұмыстарымен айналысуда. Мекеме директорының м.у.а. С.В.Курец осы саланың жұмысымен көп жыл бойы айналысып келе жатқан һәм тәжірибелі қыз-



меткер ретінде қазандық қызметі және ондағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы қағазға қарамай-ақ сандар мен деректерді жатқа айтып, толыққанды мағлұмат беріп жатты. Қысқа дайындық пен қазандық жұмысының әрбірін аса дәлдікпен баяндауы оның өз қызметінің білгір маманы екенінен хабар бергендей. Қазандық басшысы Өмір Жұматаев өз тарапынан қазандыққа қажетті құрал-саймандардың, отынның (мазут) биылдың өзінде 25 пайызға қымбаттағаны жайында сөз қозғады. Бұдан әрі су қамалына ат басын тіредік. Маңызды нысан басшысы Марат Серікбайұлы Жұмабеков қонақтарды су қамалының ішкі-тысқы қызметімен жете таныстырып, терең әрі тиянақты мәлімет берді. Ондағы соңғы жылдары іске қосылған жаңа қондырғылардың суды тазартып беру технологиясы туралы, су қамалына қажетті қосалқы бөлшектердің бұрынғыға қарағанда әлде-қайда қымбатқа түсіп жатқаны жайында баяндап, жақында ғана сатып алынған су тазартатын торлар мен қосалқы бөлшектерді көрсетті. Олар ендігі жерде қажет болған жағдайда дер кезінде алмастырылатын болады. Су қамалының жыл бойғы науқанға сақадай сай екендігі байқалады.

Қала тіршілігі үшін аса қажетті нысанның бірі – шығынды суларды сыртқа айдап тұратын станция екені мәлім. Аталған станцияда биылғы жылы да қомақты жөндеу-тексеру жұмыстары жүргізілгенінен хабардар болдық. Шойын құбырлар жыл санап пластикалық құбырларға алмастырылып, жақын жылдары бұл жұмыстардың мәресіне жететіндігін қала әкімнің өндірістік жұмыстар бойынша орынбасары Д.Ш.Сәденов айтып өтті. Соңғы жылдары қала сыртынан бой көтерген, пайдаланылған тұрғын суларды тазартудан өткізіп, қаладағы шаруашылық жұмыстарына пайдалануға жарамды су жеткізетін станцияның жұмыс жасауға арналған ғимараттарының құрылысы толық аяқталғанымен, су тазартатын құрылғылар, сорғылар құнының бұрынғы келісім-шартта көрсетілген бағадан өте қымбаттап кетуіне байланысты іске қосылып, толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік болмай тұрғанын білдік. Аталмыш станцияның жұмыс істемеуі кесірінен, шығынды сулардың қоршаған ортаға келтіріліп жатқан залалы ескеріліп, мекемеге қомақты айыппұл салынғаны белгілі болды. Есеп шоттарының бұғақ-талуына байланысты айыппұлды төлеу мүмкіндігі де болмай қалған. Мұның бәрі айналып келгенде коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіру басқармасының қалыпты жұмыс істеуіне, мекеме жұмысшылары мен қызметкерлерінің жалақыларын мерзімді уақытында алуына кері әсерін тигізетіні белгілі.

Енді коммуналдық қызмет ақысының қымбаттауы жайына тоқталсақ, жылу, ауыз су және шығынды су бойынша тарифтің бұрынғы қалпында тұрғаны, одан бергі кезде теңге құнының нашарлауы, уақыт өткен сайын отынның (мазут), құрал-сайманның, қосалқы бөлшектердің, жанар-жағар майдың үздіксіз қымбаттауы – осының бәрінің әсері мекекеме жұмысының тұрақты және нәтижелі жұмыс жүргізуіне теріс ықпал етеді. Оған қоса нысандарды аралау барысында мекеме жұмысшыларының жалақысын көтеру қажеттігі туралы да С.В.Курец жиі әңгіме қозғап отырды. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қарағанды облысы бойынша Департаментінің басшысы А.Т.Утегенов мырза және қала әкімі ТҮҚҚБ басшыларымен біргелікте тариф мәселесін талқылап, заң шеңберінде бір мәмілеге келеді деген ойдамыз. Коммуналдық төлемге қатысты мекеме басшылыры тарапынан мынадай реніштi базына айтылғанын ескергеніміз жөн секілді. Тұрғындар арасында коммуналдық қызмет ақыларын уақытында төлемейтіндер бар екендігі, кейбірінің бірнеше жүз мыңға дейін қарызын өтемей жүргені, жалпы қарыздың жиынтық сомасы 40 млн. теңге шамасына жеткені көңілді қынжылтады. «Алмақтың салмағы бар» демек-



ші, көрсетілген қызметтің ақысын мерзімінде төлеп отыру әр адамның азаматтығы мен адамгершілігіне сын емес пе?!.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі.***
***Суретте: қала нысандарында.***
***Суретті түсірген автор.***

# ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

*Міндет! Абырой! Ерлік!*

Әлемдегі жақсылық көзі, адал қасиет, ақ тілек, ізгілік, мейірбандық, сұлулық дегенің бәрі – әсем аруларымыздың көркем табиғатымен астасып жататындығы анық. Қоғамның қай саласын алып қарасақ та, ерлермен қатар иық тіресе қызмет етіп жүрген қаншама нәзік жандылар бүгінгі таңда егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлестерін қосып келеді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында да қатаң тәртіпке бағынып, бой түзеп сапта тұрған әскери киімдегі айымдарымыз қаншама?!



Осы ретте, қаламызда орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының алға қойған жұмысының жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатқандығын атап айтқан жөн.

Кешегі Кеңестік дәуірде «әйелдер кеңесі» деген атауындағы бұл ұжым бүгінгі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобы деген атпен жалғасын тауып келеді. Аталған жұмыс тобы әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерімен, сонымен қатар әскери бөлімнің жеке құрамымен өткізілетін тәрбиелік және мәдени іс шараларды ұйымдастырып өткізуде әскери бөлім басшылығына жәрдем беруге негізделген.

Әскери ортадағы қыз-келіншектерден жасақталған қызмет тобы әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерінің моральдық-психологиялық жағдайларының мониторингісін жүргізеді, сондай-ақ оларға қол ұшын беру мен түйткілді мәселелерді шешу бойынша шараларды қабылдауды жүзеге асырады. Алға қойған кешенді жұмыс шеңберінде Ашық есік күндері, әскери бөлім басшылығының әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерімен кездесулері ұйымдастырылады. Бас қосқан ортада әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы, яғни әскери қызметшілердің үй шаруасындағы жұбайларын жұмысқа орналастыру, әскери қызметші отбасының жасы толған балаларын мектепке оқуға беру мен мектеп жасына дейінгі жасөс-пірімдерін балабақшаларға орналастыру сынды мәселелер талқыға салынады.

Ішкі ережеге сай, еліміздің Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобын құрылым басшысының жұбайы басқарады. Бұл күнде қаламызда орналасқан 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобын бөлім командирі подполковник Е.О.Батырбековтің жұбайы келісімшарт бойынша әскери қызметші Камшат Батырбекова басқарып келеді. Камшат Айтқұрманқызының басқаруындағы нәзік жанды әскери қызметшілер тобының жыл басынан бері атқарған жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай....

Мәселен, әскери нәзік жандылардың қалалық «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында ұйымдастырылып өткізілген Жаңа жылдық балалар шыршасы осының айғағы. Әскери қызметшілердің балаларына шаттық сыйлаған игілікті іс-шараны бөлімдегі әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының жемісі деп білеміз.

Әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының жаңа 2018-2019 оқу жылы қарсаңындағы атқарылған іс-шаралар көңіл қуантады. Республикалық «Мектепке жол» акциясынан тыс қалмаған әскери арулар бөлімде қызмет ететін әскери қызметшілердің бірінші сыныпқа баратын бірнеше балаларына базарлық сыйлады. Атап айтқанда, бөлім басшылығы тарапынан мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған жас бүлдіршіндерге мектептегі сабақ оқуға қажетті құрал-жабдықтар тарту етілді. Осы игі бастаманы іске асыруды бөлім командирі подполковник Есжан Батырбеков өзі басқарып жүрді. Бөлімнің әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобы әскери бөлімде Отан алдындағы мінсіз қызметін абыроймен атқарып жүрген келісімшарт бойынша әскери қызметші Б.Н.Оразбаевтың отбасында болып, әскери жанұяның тұрмыстық жағдайымен танысып қайтты.

Биылғы жылдың қыркүйек айының бірінші күнінен бөлімінің әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобы қызметінің жан-дана түскені анық. Әскери шеруге арналған киім үлгісін киіп алған әсем арулар қаладағы «Приозерск қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткен 1 қыркүйек – Білім күніне арналған алғашқы қоңырау мерекесіне қатысып, салтанатты жиынның көркін қыздыра түскені анық. Аталған іс-шарада биылғы Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жиынына қатысқан жеңімпаз мектеп оқушыларын марапаттау рәсіміне қатысты. Бөлім басшылығының марапатына да ие болған оқушы ұлдар мен қыздар өткен жылы ғана әскери бөлімде құрылған «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері болып табылады.



Марапатқа ие болғандардың арасында мектептің жоғарғы сынып оқушылары А.Қаланбай, С.Исаев, А.Сиязбек, және А.Тлеутаев бар.

Таяуда қаламызда еліміздің Ата заңы күніне арналған мерекелік іс-шарада бірқатар көп балалы аналарға қала әкімі Қ.А.Камзиннің қолынан мемлекеттік жоғары марапаттардың табыс етілгенін білеміз. Солардың қатарында көп балалы ана А.Б.Анарбекова да бар болатын. Айнұр Бисенбайқызы 06708 әскери бөлімінде көп жылдан бері қызмет етіп жүрген келісімшарт бойынша әскери қызметші Ердос Тәжібаевтің жұбайы. Ердос пен Айнұр әскери жанұяда бір ұл мен бес қызға ұлағатты тәрбие беріп келеді.

Бөлімдегі әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының ұйымдастыруымен бөлім командирі подполковник Е.О.Батырбеков бастаған топ келісімшарт бойынша



әскери қызметші Е.Тәжібаевтің отбасында болды. Бөлім басшысы подполковник Есжан Оралбекұлы әскери жанұяның берекесі болып отырған А.Анарбекованы қала әкімінің қолынан алған мемлекеттік «Күміс алқа» марапатына ие болуымен құттықтап, көп балалы ана Анар Бисенбайқызына 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы атынан Алғыс хат табыс етті.

Бөлімінің әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының төрайымы К. Батырбекованың қызмет барысының алға басуында келісімшарт бойынша әскери қызметшілер Ш.Солтанбаева, Л.Жандильдаева және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы З.Нуримова есімдеріне ерекше тоқталған жөн. Олардың Камшат Айтқұрманқызы қолға алған әрбір істе дәл қасынан табылатындықтары еріксіз таңдай қақтырады.

Алда әлі талай асу бар. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының алға қойған жұмыс жоспары жетерлік. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметтегі қыз-келіншектерден құралған жұмыс тобының биылғы жылға бағытталған жұмыс жоспары айқын және мақсаты анық. Тек оны орындау қажет. Әскери ортадағы әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмыс жүргізу тобының оны жүйелі түрде жүзеге асыра беретіндігіне сеніміміз мол!

**Т. Кенжебеков,**
***06708 әскери бөлімі***

*Обеспечивая законность*

# БРИФИНГ ДЕПАРТАМЕНТА КОНТРОЛЯ В СФЕРЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ АДГСПК

**В г.Астана прошел брифинг с участием директора Департамента контроля в сфере государственной службы АДГСПК Равиля Тюлебаева.**

Глава Департамента сообщил о проведенной работе департаментом соблюдения законодательства РК в сфере государственной службы.

... Так, за 8 месяцев 2018 года Агентством и его территориальными департаментами проведено 728 проверок, что на 11% меньше чем за 8 месяцев 2017 года (818).

Огромное количество поступающих обращений свидетельствует о повышенном доверии населения к деятельности Агентства. Кроме того, это также демонстрация нулевой терпимости населения к любым видам нарушения законодательства.

В целом, по результатам проверок выявлено 7956 нарушений законодательства в сфере государственной службы и норм служебной этики, в том числе:

-конкурсных процедур на занятие вакантных административных государственных должностей – 868 *(за 8 месяцев 2017 года – 778 нарушений)*;

-по переподготовке и повышению квалификации госслужащих – 662 *(за 8 месяцев 2017 года – 427 нарушений)*;

-по предоставлению компенсаций за переработку – 569 *(за 8 месяцев 2017 года – 306 нарушений)*;

-порядка привлечения государственных служащих к дисциплинарной ответственности – 562 *(за 8 месяцев 2017 года – 738 нарушений)*;

-Этического кодекса – 417 *(за 8 месяцев 2017 года – 396 нарушений)*.

По итогам принятых Агентством и его территориальными департаментами мер, к дисциплинарной ответственности привлечено 419 государственных служащих

Также, Р.Тюлебаев отметил, что сегодня ключевую роль в обеспечении этики госслужащих играют Советы и уполномоченные по этике. Акцент в их деятельности полностью смещен на профилактику этических нарушений, защиту прав и интересов государственных служащих и формирование благоприятного морально-психологического климата.

В целом, профилактические меры оказали существенное влияние на изменение в положительную сторону диспрактики, уменьшилось количество этических правонарушений по определенным направлениям.

Необходимо отметить, что в текущем году утвержден Комплексный план по повышению уровня этичности государственной службы на 2018 год, в рамках которого члены Советов по этике осуществляют меры по защите трудовых и реализации социальных прав госслужащих.

В рамках указанного плана члены Совета самостоятельно принимают участие в профилактических мероприятиях, проводят прием граждан, запрашивают необходимую информацию и инициируют рассмотрение наиболее актуальных вопросов.

...Один яркий пример, когда членом Совета по этике, выявлен факт несоблюдения норм служебной этики со стороны руководителя по отношению к своему подчиненному. Была проявлена крайняя грубость и хамство. В результате руководитель привлечен к дисциплинарной в виде предупреждения о неполном служебном соответствии.

В АГУ, а также во всех филиалах в программах подготовки и переподготовки кадров внедрен курсы по обучению тайм-менеджменту руководителей, а также специалистов подверженных прокрастинации.

Членами Советов по этике проведено повторное анкетирование среди всех государственных служащих, результаты которого предварительно показали сокращение фактов переработок на 20 процентов *(с 55% до 35%)*.

Еще одним инструментом продвижения морально-этических ценностей является институт уполномоченного по этике.

Институт уполномоченных по этике доказал свою состоятельность. Это подтверждается **более чем десятикратным ростом** количества обращений в их адрес за последние два года (*в 2016 году* - ***445*** *граждан, в 2017 году* - ***3461***, *за 8 мес 2018 года* - ***7785***).

Уполномоченными по этике уже наработана практика восстановления прав госслужащих при предоставлении трудовых отпусков, командировочных и премиальных, а также решения кофликтных стуаций.

**ОВП,КиРЯ**

## И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А




**ГУ "Управление по контролю за использованием и охраной земель по Карагандинской области"**

| Административные меры согласно ст.140, п.10 ст.43 Земельного Кодекса РК, ст.136, 337 КоАП РК | Выдается предписание об устранении земельного законодательства путем рекультивации нарушенных земель в соответствий со ст.94 Земельного Кодекса, ст.462 КоАП РК |
|---|---|

*1 МРП – 2405 тенге*

**Самовольное занятие земельного участка влекут штраф**

| на физических лиц - 75 МРП | на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации –100 МРП | на субъектов среднего предпринимательства – 150 МРП | на субъектов крупного предпринимательства – 700 МРП |
|---|---|---|---|

**Порча земли**
**Уничтожение или незаконное снятие плодородного слоя почвы в целях продажи или передачи ее другим лицам влекут штраф**

| на физических лиц- 75 МРП | на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации –100 МРП | на субъектов среднего предпринимательства 150 МРП | на субъектов крупного предпринимательства – 700 МРП |
|---|---|---|---|

**Департамент экологии Карагандинской области**

Административные меры согласно Кодексу РК"О недрах и недропользования" ,ст.139 КоАП РК

**Незаконное пользование недрами, в прямой или скрытой форме нарушающих право государственной собственности на недра влекут штраф**

| на физических лиц - 50 МРП | на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства –100 МРП | на субъектов среднего предпринимательства – 150 МРП | на субъектов крупного предпринимательства – 500 МРП |
|---|---|---|---|

## О фактах незаконной добычи ОПИ сообщайте по телефонам:



- **Следственно – оперативная группа полиции -102**
- **ГУ "Управление по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области" - 8 (7212) 47 82 25**
- **Акимам районов и городов, сельских (поселковых) округов.**

**@ karaganda_tzi@nur.kz**









| | Банки второго уровня | Программа 7-20-25 |
|---|---|---|
| Сред. сумма ипотечного кредита | 10 млн. тенге | 10 млн. тенге |
| Ставка вознаграждения | 16 % | 7% |
| Первоначальный взнос | 30% | 20% |
| Срок кредита, лет | 15 | 25 |
| Ежемесячный платеж в месяц | 104 000 тенге | 57 000 тенге |

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 38/578. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*